



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӨОЖ371.3

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӨДІСТЕРІН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Адаева Индира Манарбековна
Алдажарова Гүлжауһар Қуантайқызы
ағылшын тілі пәні мұғалімдері
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Алтынсарин ауданы білім бөлімінің
Ыбырай Алтынсарин атындағы
Обаған жалпы білім беретін мектебі» КММ
Қостанай облысы, Алтынсарин ауданы
Обаған ауылы, Қазақстан
E-mail: g.aldazharova91@mail.ru

Аңдатпа

Өзектілігі. Мақсаты. Мақалада дәстүрлі оқыту әдістерін алмастырып отырған инновациялық оқыту технологияларының әдістері туралы айтылады. Қазіргі таңда оқу үдерісіне жаппай енгізіліп жатқан инновациялық технологиялар бастымәселелердің бірі.

Түйінді сөздер: мультимедия, интернет, компьютерлік техника, технология.

Аннотация

Актуальность. Цель. В статье рассказывается о методах инновационных технологий обучения, которые заменяют традиционные методы обучения. В настоящее время инновационные технологии, внедряемые в учебный процесс, являются главными и приоритетными.

Ключевые слова: мультимедиа, интернет, компьютерная техника, технологии.

Abstract

Relevance. Goal. The article describes the methods of innovative learning technologies that replace traditional teaching methods. Now the innovative technologies introduced in educational process are one of the main tasks.

Key words: multimedia, Internet, computer equipment, technologies.

«Бүгінгі күннің негізгі талабы – жеделдамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық мәдениетті бойында қалыптастырған, шығармашылығы дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру» – деп Тұңғыш елбасымыз Н.Ә.Назарбаев әрбір жылғы халқына жолдауында айтқан еді.

Оқытудағы жаңа технология аса қажетті педагогикалық мәселелердің шешімдерін табуға, ой еңбегін арттыруға, оқу процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді. Жаңа технологияларды оқыту үрдісінде қолданудың негізгі ерекшелігі ол мұғалімдер мен оқушыларға өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға көп мүмкіндік береді және оны педагогикалық мақсатта пайдалану оқушылардың зердесіне, сезіміне, көзқарасына әсер ете отырып, оның интеллектуалдық мүмкіншіліктерін арттыруға көмектеседі. Компьютерлік техниканы, интернет, телекоммуникациялық желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, мультимедиялық электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көрсету. Сонымен қатар тәуелсіз еліміздің болашағы – жарқын, білімді, парасатты, өз ана тілімен бірге шетел тілі «ағылшын тілінде» еркін сөйлеп, өз елін, халқын, мәдениетін шетелге таныстыра алатын үш тілде еркін сөйлейтін азамат болып шығуы керек деген еді. Компьютерлік телекоммуникациялар бүгінгі қоғамда үлкен қолданысқа ие. Мәселен бизнесте, ақпараттық құралдарда, ғылым мен білімде.

Қазіргі заман талабына сай әрбір маман өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи–танымдық, педагогикалық–психологиялық сауатты, саяси–экономикалық білімді және ақпараттық–коммуникациялық білімді және ақпараттық–коммуникациялық технологияны жан–жақты меңгерген ақпараттық құзырлы маман болу керек. [1, б. 15]

Интерактивті тақтамен презентацияны бірге қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ерекше арттырады. Ағылшын тілі сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды және интерактивті тақтаны пайдаланғанда:

- лексиканы оқып үйретеді;
- сөйлеу ырғағын;
- диалог, монолог және рөлдік ойындарды;
- хат жазуға үйретеді;
- грамматикалық құрылымдарды түсіндіріп, оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі.

Біз сабақтарымыздатек бір ғана әдіс–тәсіл емес, оқушы құзыреттіліген дамытуда үлкен әсер ететін әдіс–тәсілдердің жиынтығы қолданамыз.

Ән–өлең жаттау әдісі арқылы оқушылармен жұмыс жасау мәселесі қазіргі қоғам үшін өзекті болып отыр. Мектептердегі атқарылып жатқан игі бастаманың бір саласы – дарынды баламен жұмыс жасау. [1, б. 22]

Ағылшын тілін үйрету барысында ән, өлең арқылы бастауыш сынып оқушылардың есте сақтау қабілеттерін дамыту аса маңызды. Оның басты себебі – сабақта әндерді, өлеңдерді қолдану тек оқу үдерісін түрлендіріп қана қоймайды, сонымен бірге ағылшын тілінің оқу және оқыту барысын тартымды етеді, әрі жандандыра түседі. Осы себептен, мен оқушылардың есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін ағылшын тілін ән, өлең арқылы оқытуды алдым. Ән, өлең арқылы жаңа сабақ, қайталау, білімдерін тиянақтау, яғни сабақтың кез келген сәтінде қолдануға болады. Оқушы сабақта ән, өлең айтып қана қоймайды алған білімдерін қаншалықты есте сақтағандарын көрсете біледі.

Әндегі, өлеңдегі таныс емес, қиын сөздерді көрнекі құрал, ия болмаса аударма арқылы түсіндіремін. Оқушылар әннің, өлеңнің жалпы мазмұнын түсінген кезде әнді, өлеңді магнитофон таспасынан тыңдайды. Кейде әнді, өлеңді өзім оқып беремін. Соңынан оқушылар қиын сөздер мен күрделі сөз тіркесін дыбыстық жағынан меңгеру мақсатымен менің соңынан бәрі бірдей әрі жекелей қайталап айтады. Ән, өлең жолдары өте қиын болмаса, толық жатталады, біршама қиын әндерді, өлеңдерді мәнерлеп, интонациямен оқуға алдын ала дайындық жасалады. Ол үшін мен оқушыларға дауыстап, мәнерлеп оқып беруге міндеттімін. Әнмен, өлеңдермен жұмыс істеу арқылы оқушылардың сөздік қорын дамуы, ағылшын тіліне деген қызығушылығы пайда болады.

Диалогтік әдіс ағылшын тілі сабағында өте қолайлы әдіс, себебі бізге балалардың ағылшынша сөйлегені керек. Диалогтік оқыту дегеніміз менің түсінігімде мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы арасындағы қарым–қатынасты реттеп отыратын сөйлесу құралы болып табылады. Сабақты диалогтік оқытуды пайдалану оқушылардың қызығушылықтарын арттырып қана қоймай, олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатыны сөзсіз. Қоғамдық пәндерде бұл әдістің жоғары деңгейде жүзеге асатыны белгілі. Соның ішінде ағылшын тілі сабағында диалог әр сабақта кездесіп отырады. [2, б. 36]

Диалогтік оқытудаға мақсатымыз:

- Оқушылардың сөздік қорын молайту;
- Өз ойын ашық, анық айтуға төсілдіру;
- Қарым–қатынас жасай білу;

Күтілетін нәтиже:

- 1) Оқушы өз ойын ашық айта алады;
- 2) Шығармашылық қабілеттері өседі;
- 3) Сөздік қоры байиды;
- 4) Өз қабілеттерін одан әрі ұштайды

Қалай жүзеге асырдым? Сабақ барысында диалогтік оқытуды жүзеге асыру мақсатында әр түрлі сұрақтар мен тапсырмаларды қолдандым. Алғашқы күнгі сабағымнан бастап сабақ уақытында жаңа сабақты сұрақтар қойдырту арқылы меңгерттім.

Сабақ үстінде оқушыларға бір – бірімен сөйлесуге мүмкіндік берілсе, олар бір – біріне ойларын айтып және пікір алмасу барысында өз пікірлерін негіздеуге мүмкіндік алады. Егер біз сабақты оқушыларға сұрақ қоюмен бастасақ, онда оқушыларда сұраққа жүйелі түрде жауап беру дағдылары қалыптасады. Мен сабақтың кіріспе бөлімінде кезекшіге сұрақ қою арқылы сыныпта диалог орнатамын. Әрбір сабағымды диалогтік сұрақтар арқылы оқушылардың білім деңгейін бақылаудан бастаймын.

Сабақ барысында оқушылардың еркін сөйлей білуі жүзеге асырылса, оқушы өміріне алдағы уақытта өз ойын дұрыс, ашық айта білуіне мектеп қабырғасынан бастап дағдыланып, болашақта қиналмауына себепші болар еді дегім келеді.

Диалогтік сұхбаттасу мұғалімдерде де, оқушыларда да білім алуға қомақты үлес қосатын өзара іс – қимылдың шын мәніндегі тиімді түрі болып табылады.

Пән мұғалімі ретінде мен сабақта ойын технологияларын қолдануды өз жұмысымның ажырамас бөлігі ретінде қарастырамын. Оқу процесіне сауатты енгізілген ойын элементтері шет тілін оқытудың негізгі мақсатын оның құрамдас бөліктерінің жиынтығында – оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға көмектеседі деп санаймын. Бұл ретте оқытудың басты мақсатын табысты іске асыру үшін мен маңызды міндеттерді орындауды жоспарлаймын:

Ойында әр оқушыға сәттілік тілеу;

Пәнді оқу мотивациясын арттыру;

Әрбір қатысушының жеке өсуін қамтамасыз ету

Әр сабаққа дайындалған уақытта ойындардың әртүрлі классификациялар тұрғысынан қарастырамын және педагогикалық процестің табиғаты, қызмет түрі, ойын техникасының табиғаты ойын ортасының түрі және компоненттік аспектілерге /лексикалық, грамматикалық, фонетикалық, орфографиялық/ қараймын.

Өз тәжірибемнен сабақта да, үйірме сабақтарында да оқушылардың қызығушылығын тудыратын ойындарды жүргізіп отырамын. [3, б. 27]

1–2 сыныпта ағылшын тілін үйренудің басында алфавитті үйрену кезінде әртүрлі орфографиялық ойындар ойнадық. Мысалы:

The ABC games

Мұғалімде алфавит әріптері бар екі карта жиынтығы болуы қрек. Сынып екі топқа бөлінеді. Әр команда бір карта жиынтығын алады. Оқушылар тақтадан мүмкіндігінше алыс қашықтықта тұрады. Мұғалім «қарындаш» сөзін айтқан кезде, оқушылар тиісті әріптермен тақтаға жүгіріп осы сөзді құрайды. Бірінші сөзді құрастырған топ сөздегі әріптер саны бойынша ұпай санын алады.

Ойын түрлерін сабақта тиімді пайдалана білу мұғалімнің меңгертіп отырған білімін ықыласпен тыңдап, білімді берік меңгеруіне көмектеседі. Оқушының ойын үстіндегі өзін-өзі жаттықтыруы, өмірді білуге деген құмарлығы, шынығуы, шындалуы, оның ақыл-ойы, дене еңбегіндегі белсенділігінің артуы оның алдына қойған мақсатына жетуге деген ерік-қайратын шыңдайды, алға қарай ұмтылсын, құштарлығын оятады. Осының нәтижесінде оқушының өз бетімен ізденуі, білімді қажетсінуі өсіп, нақтылы мақсаткерлікке ұласады. Ойынға қатысқан әр оқушының алдына жеңіске деген ұмтылыс пайда болады.

Ақпараттық технология – ақпараттарды жинау, сақтау және өңдеу үшін бір технологиялық тізбекте біріктірілген әдістер мен өндірістік және бағдарламалық – технологиялық құралдардың жиынтығы. Қазіргі кезде сабақта ақпараттық технологияларды бәріміз кеңінен қолданамыз. Қазақ әдебиетінің классигі, ұлы атамыз Абай Құнанбайұлы: «Шәкірттерің жақсы оқу үшін, оның оқуға деген ынтасы және қызығушылығы зор болу керек», – деген. Расында да, тек ғана жігерлі, әр нәрсені үнемі білгісі келген, табандылығын, шыдамдылығын көрсеткен адам ғана мақсатына жетеді.

Ағылшын тілді оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан – жақты қолдану, мұғалімнің көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады. Осындай жаңа жолдардың біріне ақпараттық оқыту жүйесіндегі компьютерлік бағдарламалардың түрлері арқылы тіл үйретуді жатқызуға болады.

Ағылшын тілі сабақтарында бізқолданып жүрген компьютерлік бағдарламамен жұмыс істеу түрлерін атап өтер болсақ: Spin the Wheel, Kahoot, QR–link, Scribing, Hand animation, My test, Must have интербелсенді тақталармен жұмыс жасаймыз.

Қорыта келгенде, оқу үрдісінде «ойын түрлерін пайдалану біріншіден, оқушылардың білімін берік меңгерту құралы болса, екіншіден балалардың сабаққа деген қызығушылығын көтеру болып табылады. Ойын түрлерін пайдалану мынадай нәтижеге жеткізеді: әр оқушының шығармашылығы артып, әр оқушы өз деңгейімен бағаланады. [4, б. 45]

Сондай-ақ, ән-өлең жаттау әдісі арқылы оқушыларға ағылшын тіліндегі ән, өлең оқушының дамуына үлкен мүмкіндік туғызады және әннің, өлеңнің сөздері оқушының сөздік қорының молайуына тиімді тәсіл болып табылады.

Осындай оқу әдістерінде оқушылар неге үйренеді:– Ұжымдық жұмыс істеуге дағдыланады;–Ой қабілеттері артады, жаңа идеямен бөліседі; – Тілі дамиды, сөздік қорлары кеңейеді; – Өздерін-өзі, бір –бірін бағалай алады;– Бір-бірлерінің жауабын тыңдауды үйренеді;– Пәнге деген қызығушылықтары артады;– Өздеріне деген сенімділік көзқарастары қалыптасады;– Іскерлік дағдысы дамиды.

Қарқынды өзгеріп жатқан әлем жағдайында ұстаздардың кәсіби дамуына, оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдерді өз тәжірибесінде қолдана алса білікті маман болары анық. Ағылшын тілі сабағында компьютер және т.б. жаңа ақпараттық құралдарды пайдалану заман талабы.

Ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин: «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені жақсы мұғалім – мектептің жүрегі» деген екен. Онда «мектептің жүрегі» болумен қатар, жаңа егемен еліміздің ұрпағын жаңа білім нәрін сусындатып, саналы тәрбие, сапалы білім беретін білімді, білікті ұстаз болайық.

Әдебиеттер тізімі:

1. А.Иманбаева, Оқу – тәрбие үрдісін ақпараттандыру білгірлігі. Қазақстан мектебі, №2, 2000 ж.
2. Орта білім берудің мазмұны: Дәстүрлер мен өзгерістері халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция мақалаларының жинағы. Астана 2012 ж.
3. Ағылшын тілі мектепте. 2018 №5. 2010 №1. 3
4. «Қазақстан мектебі» № 2018